

Мекен-жайы: Сейфуллин 19, **Пошта:** astana_sh2@mail.ru, **телефон нөмірлері:** 8-717-2-50-16-31

Астана қаласы әкімдігінің «Ғафу Қайырбеков атындағы №2 мектеп-гимназиясы» Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын бос және уақытша бос лауазымға 08.08.2024ж.-19.08.2024ж. аралығында конкурс жариялайды:

Бос лауазымдар атауы:

1. Физика пәнінің мұғалімі (орыс тілді сыныптар) - 1 орын
2. Математика пәнінің мұғалімі (орыс тілді сыныптар) - 3 орын
3. Логопед -1 орын
4. Дефектолог – 1 орын
5. Информатика пәнінің мұғалімі (қазақ және орыс тілді сыныптар) - 1 орын
6. Директордың бейіндік оқыту бойынша орынбасары - 1 орын
7. Тарих пәнінің мұғалімі (орыс тілді сыныптар) - 1 орын
8. Педагог ассистент - 3 орын

Уақытша бос лауазымдар атауы:

1. Информатика пәнінің мұғалімі (қазақ және орыс тілді сыныптар) - 1 орын
2. Қазақ тілі мен әдебиеті (орыс тілді сыныптар) -1 орын

Конкурстың өткізілу күні: 20.08-26.08 аралығы

Өткізу уақыты: 10.00

Өткізу орны: мәжіліс залы

Конкурс ҚР «Білім туралы» Заңы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығымен бекітілген, педагог қызметкерлер және оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 22.12.2022 № 513 бұйрығы негізінде өткізіледі.

Астана қаласы әкімдігінің «Ғафу Қайырбеков атындағы №2 мектеп-гимназиясы» Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын хабарлама **ЖАРИЯЛАНҒАН КҮННЕН БАСТАП ЖЕТІ ЖҰМЫС КҮНІ ІШІНДЕ (08.08-19.08.2024ж.)** бос және уақытша бос лауазымға орналасу үшін мынадай құжаттарды қабылдауды жүзеге асырады:

1) осы Қағидалардың 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қоса берілетін құжаттардың тізбесін көрсете отырып, Конкурсқа қатысу туралы өтініш;

2) жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен алынған электронды құжат (идентификация үшін);

3) кадрларды есепке алу бойынша толтырылған жеке іс парағы (нақты тұрғылықты мекенжайы мен байланыс телефондары көрсетілген – бар болса);

4) Педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес білімі туралы құжаттардың көшірмелері;

5) еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі (бар болса);

6) "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген).

7) психоневрологиялық ұйымнан анықтама;

8) наркологиялық ұйымнан анықтама;

9) сертификаттаудан өту нәтижелері туралы сертификат немесе қолданыстағы біліктілік санатының болуы туралы куәлік (бар болса);

10) ағылшын тілі педагогтері лауазымына орналасуға кандидаттар үшін пән бойынша сертификаттау нәтижелері туралы сертификаты немесе педагог-модератордың немесе педагог-сарапшының немесе педагог-зерттеушінің немесе педагог-шебердің біліктілік санатының болуы туралы куәлік (бар болса) немесе CELTA (Certificate in English Language Teaching to Adults. Cambridge) PASS A; DELTA (Diploma in English Language Teaching to Adults) Pass and above немесе IELTS (IELTS) – 6,5 балл; немесе тойфл TOEFL (internet Based Test (iBT)) сертификаты - 60-65 балл;

11) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында арнайы пәндер бойынша педагогтер және өндірістік оқыту шеберлері лауазымдарына педагогикалық қызметке кіріскен, тиісті мамандық немесе бейін бойынша өндірісте кемінде 2 жыл жұмыс өтілі бар педагогтер сертификаттаудан өтуден босатылады.

12) 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша педагогтің бос немесе уақытша бос лауазымына кандидаттың толтырылған бағалау парағы.

13) тәжірибесі жоқ кандидаттың бейнепрезентациясы (өзін-өзі таныстыру) ұзақтығы кемінде 10 минут, ең төменгі ажыратымдылығы – 720 x 480.

155. Кандидат болған жағдайда оның біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми/академиялық дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми немесе әдістемелік Жарияланымдар, біліктілік санаттары туралы құжаттардың көшірмелері, алдыңғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдар) ұсынады.